

«Үздіксіз білім беру институтының жұмысының нәтижелері және даму
перспективалары» мәселесі бойынша
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ШЕШІМІ

«25» сәуір 2024 ж.

«Үздіксіз білім беру институтының жұмысының нәтижелері және даму перспективалары» туралы ақпарат Ғылыми кеңесте тыңдалып, келесідей тұжырымдамалар жасалды:

– үздіксіз білім беру институты күндізгі (қашықтан оқыту технологияларын пайдаланып) бакалавриаттың 27 білім беру бағдарламасы бойынша оқу процесін жоспарлап, ұйымдастырады;

– қашықтықтан оқытуды ұйымдастырушылық, оқу-әдістемелік, ақпараттық және бағдарламалық-техникалық сүйемелдеп, оны жетілдіру жұмыстары жүргізіледі;

– қашықтықтан оқыту үрдісін оқу-әдістемелік, ақпараттық қамтамасыз ету үшін пәндер бойынша цифрлық білім беру ресурстарын құрастыру жұмыстары жүргізіледі;

– 2023 жылдың қыркүйек айынан ПОҚ-ның 92 бейнедәріс курстары түсіріліп даярланды;

– 2023-2024 оқу жылында 50 жаппай ашық онлайн курс (ЖАОК) әзірленді;

– 2023-2024 оқу жылынан бастап білім алушылардың формальды емес білім беру нәтижелерін тану туралы Ережеге сәйкес I семестрде 363 білім алушының ЖАОК арқылы оқыған пәндердің нәтижелерін тану жүзеге асырылды;

– күндізгі (қашықтан оқыту технологияларын пайдаланып) білім алушылармен 12 вебинар ұйымдастырылып, техникалық колдау жасалынды.

«Үздіксіз білім беру институтының жұмысының нәтижелері және даму перспективалары» ақпарат бойынша **Ғылыми Кеңес шешімі:**

1. Барлық білім беру бағдарламалары бойынша 2024-2025 оқу жылында оқытылатын пәндердің электронды оқу-әдістемелік қамтамасыздандыруының сапасын арттыру (жауапты – ЖМ декандары, ЖМ академиялық комитеттерінің төрағалары, БББ жетекшілері, 2024-2025 оқу жылы).

2. Университеттің профессорлық оқытушы құрамымен құрастырылған жаппай ашық онлайн курс санын арттыру және оларды халықаралық білім беру порталдарына орналастыру (жауапты – Үздіксіз білім беру институтының директоры, БББ жетекшілері, 2024-2025 оқу жылы).

3. Университеттің цифрлық экожүйесін дамыту мақсатында «Интерактивті мультимедиялық видеостудия» кабинетін жабдықтау (жауапты: Мемлекеттік құқықтық қамтамасыздандыру бөлімінің басшысы, Үздіксіз білім беру институтының директоры, 31.01.2025 дейін).

Шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Ғылыми кеңес Төрағасы

Е.А.Бурибаев

Ғалым хатшы

Н.К. Байгабатова



«Жаратылыстану жоғары мектебінің 2021-2023 жылдардағы даму
бағдарламасының орындалу нәтижелері және 2024-2029 жылдарға арналған Даму
жоспары туралы» мәселесі бойынша
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ШЕШІМІ

25.04.2024 ж.

Жаратылыстану жоғары мектебінің 2021-2023 жылдардағы даму бағдарламасының орындалу нәтижелері және 2024-2029 жылдарға арналған Даму жоспары туралы туралы ақпарат тыңдалып, келесідей тұжырымдамалар жасалды:

1. Жаратылыстану жоғары мектебінің 2021-2023 жылдардағы даму бағдарламасындағы анықталған көрсеткіштер бойынша:

- Өзгермелі жағдайларға бейімделе алатын 21 ғасыр дағдылары бар кадрларды дайындау мақсаты аясында бітіруші білікті кадрлардың саны, мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша университетті бітіргеннен кейінгі бірінші жылы жұмысқа орналастырылған түлектердің үлесі, студенттердің көрсетілетін қызметтердің сапасына қанағаттану дәрежесі бойынша жоспарланған көрсеткіштер толығымен орындалған;
- Бәсекеге қабілетті кадрларды даярлау міндеті аясында мемлекеттік тапсырыс бойынша білім алушылар саны, академиялық ұтқырлық бойынша шетелдік серіктес жоғары оқу орындарында оқитын студенттер саны, шетелдік студенттер мен магистранттардың саны, «Алтын белгі» иегерлері, халықаралық олимпиадалар, конкурстар жеңімпаздарының саны, үш тілде (көптілді топтарда) оқитын білім алушылар саны, мамандығы бойынша жұмысқа орналастырылған түлектер саны бойынша жоспарланған көрсеткіштер толығымен орындалған;
- Білім алушылардың зияткерлік, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету міндеті бойынша барлық жоспарланған көрсеткіштер орындалған;
- Әлемдік үрдістер контекстінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мазмұнын жаңғырту мақсаты аясында QS рейтингінің TOP-700 қатарынан серіктес жоғары оқу орындарымен қос дипломды білім берудің білім беру бағдарламаларының саны бойынша жоспарланған көрсеткіш орындалмаған;
- «Практиктер мен жұмыс берушілердің мамандарын тарта отырып, сараптамадан өткен және іске асырылатын білім беру бағдарламаларын әзірлеу. Білім беру бағдарламаларын аккредиттеу» міндеті бойынша барлық көрсеткіштер жоспарға сәйкес орындалған;
- «Университеттің білім беру бағдарламаларын интернационалдандыру» міндеті бойынша шет елдердің жетекші жоғары оқу орындарымен бірлескен білім беру бағдарламаларының саны көрсеткіші орындалмай қалған;
- «Жоғары мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту» міндеті бойынша жоғары мектеп тарапынан жылда оқу зертханаларын дамытуға өтінімдер беріліп отырған, бұл бағытта ауқымды жұмыстар атқарылған;
- «Кадрлық менеджмент және біліктілікті арттыру» міндеті бойынша барлық көрсеткіштер жоспарға сәйкес орындалған;
- Жоғары мектепті басқару жүйесін жетілдіру бағытында 6 адам менеджмент саласында біліктілігін арттырудан өткен;
- «Ғылыми зерттеулердің нәтижелілігін арттыру үшін тұтас зерттеу экожүйесін қалыптастыру» міндеті аясында ПОҚ-ның Scopus, Web of Science платформасындағы рейтингтік басылымдардағы жарияланымдар саны, қорғау құжаттары мен авторлық куәліктердің саны жыл сайын артығымен орындалған;
- «Ғылыми-техникалық қызметті дамыту» міндеті аясында 2023 жылы ЖОО базасында орындалатын қаржыландырылатын білім беру және зерттеу жобаларының саны

– 7, Халықаралық ғылыми және білім беру жобаларының саны – 1, ЖАО және бизнес өкілдерінің қаражаты есебінен қаржыландырылатын жобалар саны – 2 құрады;

- «Ғылыми зерттеулерді ресурстармен қамтамасыз ету» міндеті көрсеткіштері жоспарға сәйкес орындалған;

- «Жетісу» академиялық артықшылық орталығын құру бойынша жоспарланған мақсаттық көрсеткіштер орындалмаған.

2. Жоғары мектептердің 2021-2023 жылдардағы даму бағдарламасының орындалу нәтижелері мен жоғары мектеп қызметінің SWOT-анализі негізінде даму перспективалары анықталып, 2023-2029 жылдарға арналған даму жоспары әзірленген.

3. Даму бағдарламасының мақсаты жаратылыстану саласындағы білім мен ғылымның қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін кәсіби және ғылыми құзыреттерге ие, еңбек нарығында сұранысқа ие инновациялық-бағдарланған, жоғары білікті, бәсекеге қабілетті педагог кадрларды даярлау үшін жағдайлар жасаумен байланысты таңдалған.

4. Даму бағдарламасында «Экономика үшін бәсекеге қабілетті кадрлар даярлау», «Нәтижелі ғылым» және «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің инфрақұрылымы мен менеджментін жетілдіру» стратегиялық бағыттары бойынша мақсаттық көрсеткіштер айқындалып, даму бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары да құрылған.

«Жаратылыстану жоғары мектебінің 2021-2023 жылдардағы даму бағдарламасының орындалу нәтижелері және 2024-2029 жылдарға арналған даму жоспары туралы» мәселесі бойынша **Ғылыми Кеңес шешімі:**

1. QS рейтингінің ТОП-700 қатарынан серіктес жоғары оқу орындарымен қос дипломды білім беру шеңберінде кемінде бір білім беру бағдарламасын әзірлеу (жауаптылар: ЖЖМ деканы, БББ жетекшілері, орындалу мерзімі: 01.05.2025 ж дейін);

2. ҚР ҒЖЖБМ, Erasmus+ және т.б. қаржыландырылатын конкурстарға жыл сайынғы өтінімдер беру (жауаптылар: ЖЖМ деканы, БББ жетекшілері, орындалу мерзімі: жыл бойы);

3. ПОҚ-н академиялық артықшылық орталығы зертханаларының жұмысына тарту (жауаптылар: ЖЖМ деканы, БББ жетекшілері, орындалу мерзімі: жыл бойы);

4. Жоғары мектептің ПОҚ-ның жаппай ашық онлайн курстарын университеттік және әлемдік платформаларда орналастыру (жауаптылар: ЖЖМ деканы, БББ жетекшілері, орындалу мерзімі: жыл бойы);

5. ҒЗИ ғалымдарын жоғары мектептің ПОҚ штатына қоса атқаратын және/немесе сағаттық төлем шарттарымен тарту (жауаптылар: ЖЖМ деканы, БББ жетекшілері, орындалу мерзімі: жыл бойы).

Шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Ғылыми кеңес Төрағасы

Е.А. Бурибаев

Ғалым хатшы

Н.К. Байғабатова



«Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінің 2021-2023 жылдардағы
Даму бағдарламасын орындау нәтижелері және 2024-2029 жылдарға арналған
Даму жоспарлары туралы» бойынша
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ШЕШІМІ

25.04.2024 ж.

Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінің 2021-2023 жылдардағы даму бағдарламасының орындалу нәтижелері және 2024-2029 жылдарға арналған Даму жоспары туралы туралы ақпарат тыңдалып, келесідей тұжырымдамалар жасалды:

- Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінің 2021-2023 жылдардағы даму бағдарламасындағы анықталған көрсеткіштер негізінен орындалды;
- Жоғары мектеп бойынша қосдипломды білім беру бағдарламасы бойынша магистратурада 2, бакалавриатта 1 БББ іске асырылды;
- Тәуелсіз қазақстандық агенттіктердің бакалавриаттың 8 білім беру бағдарламасы, магистратураның 2 ББ және докторантураның 1 БББ мамандандырылған аккредиттеуден сәтті өтті;
- Білім беру процесіне 11 жұмыс беруші мен практик мамандар тартылды.
- «Журналистика» БББ-ның білімгерлеріне арналған заманауи Радиостудия жасақталды.
- «Шетел тілі: екі шетел тілі» БББ-ның білімгерлеріне арналған Лингофонды кабинеттер заманауи бағдарламалар мен құрылғылармен қамтамасыз етілді.
- 1 оқытушы жоғары оқу орнының үздік оқытушысы байқауына қатысып жеңімпаз атанды.
- ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің гранттық қаржыландыру шеңберінде 1 жоба жүзеге асырылды.
- «Болашақ» бағдарламасы бойынша 1 оқытушы New York Film Academy-де (АҚШ), 1 оқытушы Гранада (Испания) университетінен ғылыми тағылымдамадан өтті.
- Шетелдік жоғары оқу орындарымен (Ресей, Түркия, Өзбекстан), ғылыми-зерттеу орталықтарымен, ғылыми-зерттеу жұмысы жөніндегі салалық ұйымдармен ынтымақтастық туралы шарттар жасалды.
- Жоғары мектепте студенттердің сыртқы академиялық ұтқырлығы табысты іске асырылды. 2023-2024 оқу жылының бірінші жартыжылдығында 17 студент, екінші жартыжылдығында сыртқы академиялық ұтқырлық бойынша 8 студент шетелде оқыды.

Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінің 2021-2023 жылдардағы Даму бағдарламасын орындау нәтижелері бойынша анықталған мәселелер: ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің гранттық қаржыландыру шеңберінде ғылыми жобалар санын арттыру, жоғары мектеп

докторанттарының Скопус базасындағы жоғары проценти́лді көрсеткішпен мақалаларды шығару қиындықтарына байланысты уақытылы қорғауға шықпауы.

«Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінің 2021-2023 жылдардағы даму бағдарламасының орындалу нәтижелері және 2024-2029 жылдарға арналған даму жоспары туралы» мәселесі бойынша **Ғылыми Кеңес шешімі:**

1. Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінің білім алушылар санын көбейту үшін 6B01706 – «Орыс тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі» білім беру бағдарламасына кәсіптік бағдар беру жұмысы күшейтілсін (жауаптылар – ГҒЖМ деканы, Орыс тілі және әдебиеті БББ жетекшісі; орындау мерзімі – 2024 жыл маусым-тамыз айлары).

2. Докторанттардың уақытылы қорғауға шығуын қаматасыз ету мақсатында Скопус базасындағы жоғары проценти́лді көрсеткішпен мақалаларды шығару үшін Ғылым және ғылыми жобаларды коммерцияландыру бөлімімен бірлесіп семинарлар ұйымдастырылсын (жауаптылар – Ғылым және ғылыми жобаларды коммерцияландыру бөлімі, ГҒЖМ деканы, БББ жетекшілері; орындау мерзімі – жыл бойы).

3. ГҒЖМ бойынша ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің гранттық қаржыландыру шеңберінде жобалар саны арттырылсын (жауаптылар – ГҒЖМ деканы, БББ жетекшілері; орындау мерзімі – жыл бойы).

4. «Jas ǵalym» жас ғалымдардың ғылыми және ғылыми-техникалық қызметінің нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын гранттық қаржыландыруға арналған конкурсына жобалар ұсынылсын (жауаптылар – ГҒЖМ деканы, БББ жетекшілері; орындау мерзімі – жыл бойы).

Шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Ғылыми кеңес Төрағасы

Е.А. Бурибаев

Ғалым хатшы

Н.К. Байгабатова

